

Шарбақты аудандық мәслихатының 2019 жылғы 14 ақпандағы "2019 жылы Шарбақты ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" № 178/51 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 тамыздағы № 201/61 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 тамызда № 6522 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" № 183 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" № 359 қаулысына сәйкес, Шарбақты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шарбақты аудандық мәслихатының 2019 жылғы 14 ақпандағы "2019 жылы Шарбақты ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" № 178/51 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6254 болып тіркелген, 2019 жылғы 26 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы "жетпіс еселік" деген сөздері "жүз еселік" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының заңдылық және әлеуметтік саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК